



3 жасқа қараған баланың дамуында белсенділік, қызығушылық және еліктеу қабілеті айқын байқалады. Осы кезеңде бала тілдік қарым-қатынасқа жиі түсіп, сөздік қоры қарқынды дамиды, қарапайым сөйлемдер құрастыра бастайды. Қимыл-қозғалысы жетіліп, өз бетінше әрекет етуге ұмтылады.

Ата-аналарға ұсыныс:

Баламен күнделікті сөйлесіп, сұрақ-жауап арқылы тілін дамыту;

Қарапайым ойындар мен дамытушы тапсырмалар арқылы ойлау қабілетін жетілдіру;

Өз бетінше киіну, жинау сияқты дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беру;

Баланы мақтап, қолдау көрсету арқылы сенімділігін арттыру;

Күн тәртібін сақтап, дұрыс тамақтану мен демалысын қадағалау.

Жалпы, бала дамуы қалыпты деңгейде жүруі үшін ата-ана тарапынан тұрақты көңіл бөлу, қолдау және жылы қарым-қатынас өте маңызды.